**«Бекітілді_»**________________

«АС ЗЕРЕ» бөбекжай-балабақшасы
Жауапкершілігі шектеулі
серіктестігінің директоры

А.Х. Бахтыгереева

**«Келісілді»**________________

Шалқар аудандық білім бөлімі
басшысы
А.Б.Абдыков

# ЖШС«АС ЗЕРЕ»бөбекжай-бақшасының оқу жұмыс жоспары.

**Шалқар қаласы .**

**ЖШС «АС ЗЕРЕ» бөбекжай-бақшасы 2021-2022 оқу жылына арналған базистік оқу жоспарына түсінік хат.**

Барлық топтарда жүргізілетін ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемін жүйелейтін «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 27.07. 2007 жылғы Заңының 5-бабының (б)тармақшасына, «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2016жылғы 13 мамырдағы ҚР Үкіметінің №292 қаулысына сәйкес базалық оқу жоспарымен белгіленді.

Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы №615 бұйрығына сәйкес «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйіне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидалары басшылыққа алынды.
Балабақшаның ұйымдастырылатын оқу қызметтері ҚРБҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» бойынша енгізілді.
ЖШС «АС ЗЕРЕ » бөбекжай-балабақшасы 2020 жылдан бастап жұмыс жасап келеді, қазіргі таңда үш топта, қазақ тілінде 61 бала тәрбиеленуде.Тәрбиеленуші балалар апталық оқу жүктемесінің рұқсат етілетін максималды көлемімен ұйымдастырылған оқудың ұзақтығы бала денсаулығымен, мінез-құлқының мүддесін қорғау үшін енгізілді. Білім беру мазмұны білім беру саласы арқылы жүзеге асырылады. Білім беру саласы бес саладан тұрады. «Денсаулық», «Катынас», “Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет». Білім беру саласы меншік нысанына мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының барлық түрлері міндетті болып табылады. Балалардың яғни жас аралық сатысындағы оқу жүктемесі мемлекеттің барлық техникалық-гигиеналық ережелерге сәйкес келеді. Белгіленген апталық оқу жүктемесі кіші топта(2-3 жастағы балалар.)ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі 9 сағат,ортаңғы топта(3-4 жастағы балалар) ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі 11 сағат,ересек топта(4-5жастағы балалар) ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі 12 сағат.Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы кіші және ортаңғы топтарда 15-20 минут, ересек топта 20-25 минут.

Оқыту мемлекеттік тілде жүргізіледі. Вариативтік бөлімдерді меңгеру мақсатымен 2021-2022 оқу жылына арналған вариативтік компонент бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері №1 педогогикалық кеңесте(31.08.2021ж)талдап бекітілді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығына 1-қосымшаны негізге ала отырып,коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты, шектеу шаралары кезеңінде мектеп жасына дейінгі балалар мен тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру төмендегідей;

1.Кіре берісте тәрбиеленушілермен қызметкерлердің дене қызуын тәрбиеші күн сайын тепловизор құрылғысымен дене қызуларын өлшеп қабылдайды. Балабақшаға кіру үшін арнайы QR кодын сканерлеп ашық бағдарламасын пайдаланады.

-Әр бір ҰОҚ кейін топтар желдетіліп,кварцталады.

-Әр бір ҰОҚ кейін балалар қолдарын жуып және арнайы құралдарды пайдаланады.

**Қосымша вариативтік компонентке келесі бағдарламалар алынды:**

Қосымша вариативтік компоненті ортаңғы топта-1 сағат, Ересек топта-2 сағат алынды. Ортаңғы топтың 1 сағатына балабақшамыздың тәрбиешісі А. Мауметова, Г Бұлқайырова балабақша ішілік таратылған «Ертегілер елінде» атты бағдарламасы пайдалануға алынып отыр.

Бағдарламаның мақсаты:

Баланың қызығушылығы мен ақыл-ой деңгейін қалыптастыру.Шығармашылық тұрғысынан ойлау,өзбеттерінше шешім қабылдап,қорытынды жасауға бейімдеу.Балалардың игерген білімдерін күнделікті өмірде пайдалана отырып жеке тұлға ретінде қалыптастыру.

Ал ересек топтың 2 сағатына балабақшамыздың тәрбиешісі А.Көлденова балабақша ішілік таратылған «Кел балалар, ойнайық» атты бағдарламасы пайдалануға алынып отыр.

Бағдарламаның мақсаты:

Дидактикалық ойындар арқылы балалардың білім және білік дағдыларын қалыптастыру.

Бала бойына тәжірибелік ,танымдық,шығармашылық іскерлік түрлерін қалыптастыру;интеллектуалдық қабілеттері мен шығармашылық әлеуметін дамыту,білім алуға жан-жақты дайындау;қазіргі қоғамға сай,шығармашыл,ізденпаз,тапқыр еріктен тыс ойлай білетін тұлғаны тәрбиелеу.

**ЖШС«АС ЗЕРЕ»балабақшасының 2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие мен оқыту жұмысының базалық оқу жоспары**

| Р/с | Білім беру саласы | Білім беру саласы мазмұнының базалық минимумы | кіші топ | | Ортаңғы топ | | Ересек топ | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Денсаулық | Дене шынықтыру | **3** | 3 | **3** | 3 | **3** | 3 |
| | | Қауіпсіз мінез-құлық негіздері,валелогия | | | | | | |
| 2 | Қатынас | Сөйлеуді дамыту | **1** | 0,5 | **2** | 1 | **2,5** | 1 |
| | | Көркем әдебиет | | 0,5 | | 0,5 | | 1 |
| | | Орыс тілі | | | | 0,5 | | 0,5 |
| 3 | Таным | Сенсорика | **2** | 0,5 | **2,5** | | **2,5** | |
| | | Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру | | | | 1 | | 1 |
| | | Құрастыру | | 0,5 | | 0,5 | | 0,5 |
| | | Жаратылыстану | | 1 | | 1 | | 1 |
| 4 | Шығармашылық | Сурет салу | **3** | 1 | **3** | 1 | **3,5** | 1 |
| | | Мүсіндеу | | 0,25 | | 0,25 | | 0,5 |
| | | Жапсыру | | 0,25 | | 0,25 | | 0,5 |
| | | Музыка | | 1,5 | | 1,5 | | 1,5 |
| 5 | Әлеумет | Қоршаған ортамен таныстыру | | | **0,5** | 0,5 | **0,5** | 0,5 |
| 6 | Вариативтік компонент | «Ертегілер елінде» | | | **1** | 1 | | |
| | | «Кел балалар, ойнайық» | | | | | **2** | 2 |
| 7 | Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы | | 10-15 мин | | 15-20 мин | | 20-25 мин | |
| 8 | Ұйымдастырылған оқу қызметі жалпы көлемі | | **9 сағат** | | **11 сағат** | | **12 сағат** | |
| 9 | Барлығы | | **9** | | **12** | | **14** | |

Балабақша директоры: А.Х Бахтыгереева